


Ұлттық біліктілік жүйесінің Career Enbek цифрлық платформасында Кәсіптік біліктілікті тану орталықтарының кіруі және тіркелуі жөніндегі нұсқаулық


Career Enbek-ке кіру

1. Career Enbek-ке кіру үшін <https://career.enbek.kz/> сілтемесі арқылы өтіп, басты беттің жоғарғы оң жақ бұрышындағы  батырмасын басу қажет.



2.


3. Ашылған «Кіру» терезесінде «email арқылы» кіру әдісін таңдау қажет.




4. «Email арқылы» кірген кезде логинді, орнатылған құпия сөзді енгізу қажет.

Career Enbek-те тіркелу


1. Тіркеу болмаған жағдайда тіркелу үшін «Тіркеліңіз!» батырмасын басу қажет.



2. Әрі қарай, тізімнен «Сіз кімсіз?» деген жолдан «Жұмыс беруші» мәнін таңдау қажет.



3. Бұдан әрі тіркеуді одан әрі растау үшін қол жетімді электрондық поштаны енгізу қажет.



4. Құпия сөзді екі рет енгізіп, «Тіркелгі жасау» батырмасын басыңыз.

Құпия сөзге қойылатын талаптар:* Құпия сөз кем дегенде 8 таңбадан тұруы керек, міндетті түрде бас әріпті және кіші әріпті латын таңбалары, сандар, арнайы таңбалар болуы керек (% , \$, @, &, *, #, ^, !, . және т.б.). Жаңа құпия сөз соңғы 6 құпия сөзбен сәйкес келмеуі керек.

5. Тіркелгіні жасағаннан кейін сіз көрсеткен электрондық поштаға тіркеуді растауға сілтеме көрсетілген хат келеді, цифрлық платформада тіркеуді аяқтау үшін сол сілтеме бойынша өту қажет.

6. Тіркеу расталғаннан кейін (электрондық пошта арқылы) жоғарғы оң жақ бұрыштағы  белгішесін басу арқылы Career Епбек-тегі жеке кабинетке өту қажет.

7. Бұдан әрі бейне нұсқаулыққа қоса берілген сілтеме бойынша Электрондық еңбек биржасының (ЭЕБ) порталына «кәсіпорын (заңды тұлға) қосу» қажет:


<https://enbek.kz/ru/instructions>

Нұсқаулықтар тізімінен «Электрондық еңбек биржасы» порталында тіркелу бойынша жұмыс берушілерге арналған нұсқаулықты» таңдау қажет.


8. Кәсіпорынды ЭЕБ-ға қосу аяқталғаннан кейін басты беттің жоғарғы оң жақ бұрышындағы

Кіру

батырмасын басып арқылы Career Enbek-тегі жеке кабинетіңізге кіру қажет.





Ашылған «Кіру» терезесінде «email арқылы» кіру әдісін таңдау қажет.





9. Авторизациядан кейін скриншоттарда көрсетілгендей жоғарғы оң жақ бұрыштағы белгішесін басып, Career Enbek-тегі жеке кабинетке өтіңіз.





10. Осы әрекеттен кейін сізді бейін түрін таңдау бетіне бағыттайды. «Кәсіптік біліктілікті тану орталығы» бейін түрін таңдау қажет.



8. Әрі қарай сізге «Біліктілікті тану орталығының деректері» терезесінде БСН енгізіп, жеке кабинетке электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) кіру қажет. Бұл әрекет тек алғашқы тіркеу кезінде ғана қажет.




Біліктілікті тану орталығының деректері

Қол қойыңыз және тексеріңіз

 Басты бетке




9. ЭЦҚ-мен қол қойғаннан кейін сіз өзіңіздің «Жеке кабинетіңізге» өтуіңіз қажет. Ол үшін скриншотта көрсетілгендей  батырмасын басыңыз.




10. «Жеке кабинетке» өткеннен кейін бейінді толтыру қажет. Ол үшін «Орталықтың бейіні» қосымша бетіне өту керек.

11. Орталықтың бейінінде «БТО атауы» өрісі автоматты түрде толтырылады. Тану орталығының сайты бар болған жағдайда, сайтыңыздың мекенжайын көрсетіңіз.




12. Әрі қарай, орыс және қазақ тілдерінде «Сипаттама» өрісін толтырыңыз. Ол үшін «Русский» және «Қазақша» деген жазуларды басу арқылы тілдерді ауыстырыңыз.



13. Әрі қарай, тану орталығының логотипін жүктеп, енгізілген деректерді

Сақтау

батырмасын басу арқылы сақтаңыз.



Логотип қосу бейінді толтыруды аяқтаудың міндетті шарты болып табылады. Орталықтың логотипін қосу нарықта танымалдылығыңызды арттыруы мүмкін

14. Әрі қарай «Банктік деректемелері» блогы орналасқан. Бұл блокта тану орталығының банктік деректемелеріне өзгерістер енгізе аласыз және оларды сақтай аласыз.

Банк деректемелері

ЖСК

Банктің атауы

АО "Народный Банк Казахстана" ▼

ЖСК

HSBKKZKX

Сақтау

15. Келесі блокта тану орталығының иесі туралы ақпарат бар. Бұл блокта деректерді өзгертуге және сақтауға болады.

Иесі туралы ақпарат

Поштаны алуға болатын тұрақты мекенжайды пайдаланыңыз.

Аты: Иван

Тегі: Иванов

Email: d.kapitor

Телефон нөмірі: +7 (707) 5


Облыс / Республикалық маңызы бар қала: ▼

Қала: Астана қ. ▼

Мекен-жайы: г. Астана

Сақтау

16. БТО бейінін толтырғаннан кейін БТО «Материалдар» бөлімінде тануды жүзеге асыратын кәсіптер бойынша біліктілік бағдарламаларын енгізу қажет.



Материал қосыңыз

Ол үшін «Материалдар» батырмасын басып, содан кейін батырмасын басу қажет

Файл қосу

17. PDF* форматында біліктілік бағдарламасын қосу батырмасын басу арқылы жүзеге асырылады

Орыс тілі

Атауы

Мәтін (Міндетті Емес)

Тіркелген файлдар:

Выберите файл | Файл не выбран | Файл атауы | Жою

Рұқсат етілген файл түрі - pdf. Жүктелетін файлдың максималды өлшемі - 10 МБ.

Файл қосу

Қазақша

Атауы

Мәтін (Міндетті Емес)

Тіркелген файлдар:

Файл атауы | Жою

Рұқсат етілген файл түрі - pdf. Жүктелетін файлдың максималды өлшемі - 10 МБ.

Файл қосу

Сақтау

Сақтау

батырмасын басу арқылы біліктілік бағдарламасын қосуды сақтаңыз.

Бейінді сәтті сақтап, тану орталығының біліктілік бағдарламасын жүктегеннен кейін Career Епбек-те тану орталығын тіркеу процесі аяқталады.